

Анықтама

«Атырау облыстық перинаталдық орталығы» ШЖҚ КМК сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау нәтижелері туралы

08Маусым 2026жыл

Атырау қаласы

«Атырау облыстық перинаталдық орталығы» ШЖҚ КМК қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау жұмыстарын «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау өткізу туралы» 2026жылғы 27сәуірдегі №86 бұйрығына сәйкес, Таздарбаева Фарида Конысовна комплаенс офицер (жауапты маман) жүргізуге жауапты.

Негіздеме: «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V Заңы, Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2022 жылғы 30 желтоқсандағы № 488 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу бойынша әдістемелік нұсқаулық, Орталық директорының «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды өткізу туралы» бұйрығы.

Мақсаты: Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Уақыты: 24.05.2026-12.06.2026

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізетін жұмысшы топ құрамы:

Нуралина Г.Т. - Директордың клиникалық сараптамалық жұмыс жөніндегі орынбасары м.а.

Жумағалиева А.А. - Директордың экономикалық және әкімшілік шаруашылық қамтамасыз ету жөніндегі орынбасары

Таздарбаева Ф.К. –комплаенс офицер (жауапты маман)

Талдау жүргізу бағыты:

- Орталықтың қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.
- Орталықтың ұйымдастырушылық басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.
 - Мемлекеттік сатып алу, жеке және заңды тұлғалармен келісім шарт жасасу

- Бюджет қаражатын игеру,
- Мемлекеттік қызмет көрсету анықтамалар беру қызметі,
- Персоналды басқару, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдарды айқындау, мүдделер қақтығысын реттеу,
- Тауарлар қоймасы және азық түлік қоймасы,
- Консультативті-диагностикалық бөлім,
- Дәріхана.

Талдау объектісі

Атауы: Атырау облыстық Денсаулық сақтау басқармасының «Атырау облыстық перинаталдық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорыны.

Құрылтайшы: Атырау облысының әкімдігі

Басқару органы: «Атырау облыстық Денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі

Нормативті құқықтық актілер: Қазақстан Республикасы Конституциясы, Қазақстан Республикасы «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодексі, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексі, Қазақстан Республикасы Еңбек кодексі, Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңы, Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу» туралы заңы.

Орналасқан жері: Атырау қаласы, Л.Владимирский 22 А.

1. Орталықтың қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері жүргізілген ішкі талдау нәтижесімен орталық қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін олқылықтар анықталған жоқ.
2. Орталықтың ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау келесі бағыттар бойынша жүргізілді:

- қолданыстағы нормативтік құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметтегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- мүдделер қақтығысымен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

- өзге де мәселелер болған жағдайда, соларға байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Орталықта сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алу мақсатында құрылымдық бөлімшелердің функциялары мен қызметкерлердің лауазымдық міндеттеріне талдау жүргізілді.

1. Мемлекеттік сатып алу бөлімі / шарттық жұмыс бөлімі қызметкерлері конкурстық құжаттаманы дайындау, конкурстық құжаттаманы дайындау, мердігерлерді таңдау және шарттар жасасу, міндеттемелердің орындалуын бақыланды. Жеке және заңды тұлғалармен шарттар тек мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы үлгілік нысанда жасалған.

Аталған келісім шарттар бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталмады. Мүдделер қақтығысы орын алмады.

2. Қаржы-есеп қызметінің қызметкерлері қаржылық құжаттарды дайындау және бекіту, төлемдерді жүргізу, қаражаттың жұмсалыуына бақылау жүргізілді. Орталықтың жұмыскерлерін көтермелеу (оның ішінде сыйақы беру) тәртібі құрылған комиссиямен қаралып, объективті түрде берілетін баға негізінде жүзеге асырылған, сараланған ақыны төлеу бөлім меңгерушілері мен аға орта буын қызметкерлерінің қызметкерлерге қойылған баллдық жүйесіне сүйене отырып, заң нормаларына сәйкес төленген. Қызметкерлер тарапынан есеп бөлімінің қызметіне шағымдар жоқ. Аталған келісім шарттар бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталмады. Мүдделер қақтығысы орын алмады.

3. Персоналды басқару қызметінің қызметкерлері-қызметкерлерді жұмысқа қабылдау, ауыстыру және жұмыстан босатуды рәсімдеу, сыйақы беру және марапаттау бойынша материалдарды дайындау, қызметкерлердің жеке деректеріне қол жеткізу бойынша талданды. Орталықта жұмыс атқарып жатқан медицина қызметкерлері «Денсаулық сақтау саласындағы мамандарды сертификаттауды жүргізу, шетелдік мамандарды қоса алғанда, денсаулық сақтау саласындағы маман сертификатының қолданысын растау қағидаларын, сондай-ақ Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде медициналық білім алған адамды денсаулық сақтау саласындағы маманды сертификаттауға жіберу шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 15 желтоқсандағы №ҚР ДСМ - 274/2020 бұйрығына сәйкес тиісті маман сертификаттары бар. Маман сертификатының мерзімінің аяқталу мерзімі туралы қызметкерлерге 5-6 ай бұрын хабарланады, мерзімі өткен жағдайда жұмыстан қызметкер шеттетіледі.

Орталықта бос орындар пайда болған жағдайда «Enbek.kz» электронды еңбек биржасына жарияланады. Бос орынға үн қатқан азамат портал арқылы әңгімелесуге шақыртылады. Әңгімелесу оң нәтижелі болғаннан кейін еңбек шарты жасалады. Барлық еңбек шарттары порталда тіркелген.

Орталық құрылымы мен штат саны қолданыстағы заңнамалық талаптарға сәйкес белгіленген.

Штат саны- 572,75, оның ішінде дәрігерлер штаты – 130, орта буын қызметкерлер штат саны – 240,75, кіші буын қызметкерлер штат саны – 122, әкімшілік персонал штаты – 32,5, қосалқы персонал штаты-45,5.

Есепті кезеңде орталық қызметкерлерімен сыбайлас жемқорлық әрекеттері, әдептілік нормалары мен мінез құлық қағидаларының талаптарын бұзу туралы хабарламалары, арыз шағымдары болған жоқ.

Мүдделер қақтығысы түріндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін тудыратын фактілер анықталған жоқ. Қызметкерлермен топтық, жеке әңгімелесулер жүргізілді. Бөлімдерде түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Жаңа қабылданған қызметкерлерге этикалық кодекс, құқтары мен міндеттері түсіндіріледі. Еңбек шартын бұзатын қызметкерлермен де түсіндірме, әңгімелесу жүргізіліп отырады.

Бұқаралық ақпарат құралдарында қызметкерлердің әрекеттеріне қатысты, оның ішінде интернет ресурстарда, әлеуметтік желілерде жемқорлыққа жағдай туғызатын сыни немесе жағымсыз материалдар жарияланғанбаған. Басқа медициналық ұйымдарға қатысты жарияланған жағымсыз ақпарат алдын алу мақсатында дереу талқыланып, түсіндірме жұмыстар жүргізіліп отыр.

Ұйымдастырушылық басқарушылық қызметте сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау барысында жемқорлық тәуекелдігіне шалдыққан тұлғалар, лауазымды тұлғалардың жеке мүдделері мен өз міндеттерін немесе өкілеттіліктерін тиісті, объективті және бейтарап орындауына әсер ететін, әсер етуі мүмкін жағдайлар анықталған жоқ.

4. Тауарлар қоймасы мен азық түлік қоймасы қабылданатын тауарлардың техникалық ерекшеліктерімен сәйкес келуі, жарамдық мерзімі, рұқсат құжаттарының болуы талданды. Тексеріс кезінде ешқандай құқық бұзушылық анықталмады. Нақтылай келе товар беруші және алушы арасында мүдделер қақтығысы орын алмады, барлық келген заттың жарамдылық мерзімдері және сертификаттары дұрыс рәсімделген. Сақталу температуралары стандартқа сай. Азық-түлік және тауарлар-қажеттілікке сай алынған. Азық-түлік қоймадан күнделікті мәзірдің калькуляциясы арқылы беріледі.

Тауарларға қажеттілік бөлімдердің сұранысына сай қалыптастырылып, мемлекеттік сатып алу порталы арқылы келісім шарт жасау арқылы сатып алынып, сұранысқа сай бөлімдерге таратылып отыр. Тауарлар қоймасына келіп түскен тауарлар есеп бөлімінің материалдық есепшімен есепке алынып,

тауар санының қалдығы «1С» программасымен сәйкес келеді. Аталған қоймаларда сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары анықталмады.

5. Консультативтік диагностикалық бөлім-келетін науқастардың легі, шағымдар, ауызша сауалнамалар өткізу арқылы талданды. Науқастардан шағым тіркелген жоқ. Алдын ала жазылу арқылы, тұрғылықты тіркелген емдеу мекемелерінің бағыттауы бойынша УДЗ, дәрігер акушер-гинекологтар, генетиктермен консультациялық қабылдау жүргізіліп жатыр.

6. Дәріхана жыл басында қалыптасқан жоспарлы дәрі дәрмек көлемі, атауы, қабылданған дәрі дәрмектік жарамдылық мерзімі талданды. Жыл басында бекітілген жоспар бойынша медициналық қажетті құралдар мен дәрі дәрмек қорымен толық қамтылып отыр, орталықта клиникалық фармация бөлімі жұмыс жасап, орталықтандырылған тәулік бойғы дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етумен айналысып отыр.


Қорытынды

Талдау нәтижесі бойынша «Атырау облыстық перинаталдық орталығы» ШЖҚ КМК қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

Ұсыныс

1. Орталықтағы қызметкерлер қызмет көрсету шеңберінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұруға, алдын алуға жол бермеуге;
2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл заңнамасы бойынша құқықтық жаппай оқытуды ұйымдастыру, ұжым арасында жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптастыруға;
3. Бюджет қаражатын оңтайлы және тиімді жұмсауды қадағалауға;
4. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және өткізу кезеңінде заң бұзушылықтарға жол бермеуге, мемлекеттік сатып алуға жауапты маманның біліктілігін арттыруға;
5. Ішкі талдау нәтижелерін жария талқылау үшін орталықтың ресми сайтына орналастыруға.

Комплаенс – офицер



Ф.К.Таздарбаева

«Келісілді»

Атырау облыстық перинаталдық
орталығы ШЖҚ КМК
директоры М.С. Айдарханова

